ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 21 маусым №4360-23-00-2/1020 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші - судья С. Умарсирикова,
А. Абдраимованың хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Жұмылдыру және шұғыл жұмыстар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Садырбалин» - Жумабек Акатаевич Садырбалин

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Д. Жұбаназар
талап қоюшының өкілі Ф. Шегебаев

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) 2023 жылғы 29 наурызда №70 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы Шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 2.1-тармағына және 1-қосымшаға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 5 370 000 теңгеге 1 дана гидромотор тауарын шарт күшіне енген күнінен бастап кемінде 15 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

Шартқа сәйкес жауапкер талап қоюшыға тауар жеткізілгенімен, техникалық ерекшілігіне сәйкес келметіні туралы 2023 жылы 14 маусымда акт жасаған, онда тексеру барысында «бұрандалы гидравликалық қозғалтқыш» (гидромотор) бұрын пайдалануда болған, яғни жаңа емес екендігі анықталған.

Талап қоюшы жауапкер Шарт бойынша алған міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және 28 күнге 150 360 теңге тұрақсыздық айбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Сотта талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, өз уәждерін келтіріп, талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің атынан сотта қатысқан қызы Динара Жумабековна Садырбалина өзінің әкесі ауруханада жатқанын, сотқа қатысуға сенім хат алалмағандығын және оларға жеткізілген тауарлары бұрынғы пайдалануда болғанын мойындаған, тұрақсыздық айыбын төлеуге қарсы еместігін, ал мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танымауды сұрады.

Прокурор талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1 талап қою бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі-АК) 272, 273-баптарына сәйкес, міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуғы тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-ң 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

АК-нің 386-бабының 1-тармағына сәйкес шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағының 3-тармақшасының, 38-бабы 4-тармағына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Сот, талап қоюшы өкілінің түсінігін және прокурордың қорытындысын тыңдап, азаматтық іс материалдарын зерттеп, дауды шешу үшін маңызды мән-жайларды анықтап, келесі қорытындыға келеді.

Іс құжаттарынан анықталғандай, жауапкер Шарт міндеттемесін тиісінше орындамаған.

Сот, жауапкердің шарттық міндеттемесін тиісінше орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп есептейді.

2 талап қою бойынша.

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 26.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 01.08.2023, судья Елшібеков Б. Е., 02.08.2023

АК-нің 298-бабының талабына сай, міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады.

Шарттың 7.3.-тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады).

Талап қоюшы өнім беруші өз міндеттерін орындамауына байланысты жауапкерден келісім-шарт бойынша сұратылған тауардын құнына сәйкес 2023 жылдың 13 сәуір мен 11 мамыр аралығында, яғни 28 күнге 150 360 (5 370 000 х 0,1% х 28 күн) теңге нақтылаған талабына сәйкес тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Талап қоюшымен тұрақсыздық айыбы шарттың 7.3-тармағына сәйкес дұрыс есептелген, сондықтан жауапкерден мемлекеттік кірісіне 150 360 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 6 236 (150 360*3%+6 236) теңге өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Жұмылдыру және шұғыл жұмыстар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Садырбалин» - Жумабек Акатаевич Садырбалин мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Садырбалин» - Жумабек Акатаевич Садырбалиннен мемлекеттік кірісіне 150 360 (бір жүз елу мың үш жүз алпыс) теңге тұрақсыздық айыбы мен 6 236 (алты мың екі жүз отыз алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 26.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 01.08.2023, судья Елшібеков Б. Е., 02.08.2023

мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым беруі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Умарсирикова**

Көшірме дұрыс.

Төраға **Б.Е.Елшібеков**

Анықтама: Шешім заңды күшіне 01.08.2023 жылы енді.

Төраға **Б.Е.Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 26.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 01.08.2023, судья Елшібеков Б. Е., 02.08.2023

4360-23-3-1/1111